








№1 педагогикалық кеңес

Уақыты	29 тамыз 2025жыл
Тақырыбы	«2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру»
Мақсаты	Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру, стратегиялық бағыттарды бекіту.
Өтілу түрі	Дөңгелек үстел
Күн тәртібі	<p style="text-align: center;">Күн тәртібі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жазғы сауықтыру жұмыстарын қорытындылау. (Әдіскер А.Е.Каюпова) 2. МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту. (Меңгеруші З.Б.Нугманова) 3. 2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. (Әдіскер А.Е.Каюпова) 4. Аттестацияға енгізілген өзгерістер туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. (Әдіскер А.Е.Каюпова) 5. Балабақша топтарының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-әрекет кестесі мен күн тәртібін бекіту. (Меңгеруші З.Б.Нугманова) 6. Кәсіподақ ұйымының жоспарын бекіту. (З.Б.Нугманова) 7. «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру тетіктерін талқылау. (Әдіскер А.Е.Каюпова)
Тапсырма	Келесі педкеңеске тапсырма: «Отбасы құндылықтары» буклет дайындау

№1 педагогикалық кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру»

Күні: 29 тамыз 2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Менгеруші	
2.	Қаюпова Аксана Ермахановна	Әдіскер	
3.	Макарова Сара Сагитжановна	Тәрбиеші	
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
7.	Коньсбаева Кулай Алмуратовна	Музыка жетекшісі	

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

Хаттама № 1

Өткізілген күні: 29 тамыз 2025 жыл.

Өткізу формасы: Дөңгелек үстел.

Қатысқандар : Меңгеруші, әдіскер, педагог – психолог, музыка жетекшісі, тәрбиешілер.

Тақырыбы : «2025 -2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру»

Мақсаты : Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру, стратегиялық бағыттарды бекіту.

Күн тәртібі:

- 1.Жазғы сауықтыру жұмыстарын қорытындылау.(Әдіскер А.Е.Каюпова)
- 2.МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.(Меңгеруші З.Б.Нугманова)
- 3.2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.(Әдіскер А.Е.Каюпова)
- 4.Аттестацияға енгізілген өзгерістер туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.(Әдіскер А.Е.Каюпова)
- 5.Балабақша топтарының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-әрекет кестесі мен күн тәртібін бекіту. (Меңгеруші З.Б.Нугманова)
- 6.Кәсіподақ ұйымының жоспарын бекіту.(А.Е.Каюпова)
- 7.«Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру тетіктерін талқылау.(Әдіскер А.Е.Каюпова).

Тыңдалды:

ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылау (сауықтыру жұмысының сараптамасы).

СӨЙЛЕДІ : әдіскер Каюпова А.Е. жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс – шаралары жоспар бойынша уақытылы өткізіліп , әдіскер тарапынан басшылыққа алынды. Тәрбиешілер танертенгі қабылдауды учаскелерде ұйымдастырып, музыка жетекшісі таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айына бір рет тәрбиешілер ата – аналарға жаз мезгілінде болатын жұкпалы аурулар және олардың алдын – алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау есебінде тақырыпқа сай ойын – сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды, - деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

II ТЫҢДАЛДЫ : 2025- 2026 оқу жылының оқу бағдарламасымен танысу.

СӨЙЛЕДІ: Нугманова З.Б.-менгеруші. Жаңа оқу жылымен құттықтады. Жаңа оқу жылының бағдарламасымен таныстырды. Нормативтік құжаттарға тоқталды. Нормативтік құжаттардағы талаптарды білім беру саласында қолдану маңыздылығын түсіндірді. Топ тәрбиешілерінің, музыка жетекшісінің және педагог-психологтың жылдық жоспарларын тексерді. Жаңа 2025-2026 оқу жылына барлық педагогтарға әдістемелік көмек берілді.

Қаулы етті: 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар бірауыздан бекітілсін.

III ТЫҢДАЛДЫ: 2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер А.Е.Каюпова. Жаңа оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат жарияланды. Бұл құжатта оқу процесін ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен ұсыныстары қамтылған. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатқа тоқталып кетейін. Маңызды жерлерін айтып өтемін, кейін өздеріңіз толық оқып, танысыңыздар. Педагогтер жылына бір рет перспективалық жоспар әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, және жылына үш рет (қыркүйек, қаңтар, мамыр) мониторинг жүргізеді. Мониторинг нәтижелері бойынша баланың Жеке даму картасы толтырылатынын барлықтарыңыз білесіздер. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша да ұсынымдар қамтылған – деді.

Қаулы етті: Барлық педагогтер әдістемелік нұсқау хат талаптарын жұмыс барысында басшылыққа алсын.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Аттестацияға енгізілген өзгерістер туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер А.Е.Каюпова. Педагогтерге аттестаттауға енгізілген жаңа талаптар бойынша түсіндіріп жіберейін. Атап айтқанда:

- Аттестаттау педагогтің кәсіби қызметінің нақты нәтижелеріне негізделеді.
- Портфолиоға қойылатын талаптар күшейтілді (педагогтің құзыреттілігі, оқу жетістіктері, әдістемелік қызметі).
- Педагогтер пәндік құзыреттілігін дәлелдейтін құжаттармен қатар, жеке жетістіктерін, қатысқан курс, семинар, шеберлік сабақтарын көрсетуі қажет.
- Сараптау комиссиясының рөлі артты.
- Өтініш беру, құжат тапсыру үдерісі онлайн форматта өтеді.
- Өздігінен аттестаттаудан өту құқығы сақталады (өз еркімен) делі.

Қаулы етті: Аттестация талаптарына сәйкес педагогтер жеке дайындық жоспарын әзірлесін.

V ТЫҢДАЛДЫ: Балабакша топтарының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-әрекет кестесі мен күн тәртібін бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Нугманова З.Б.-меңгеруші. Оқу қызметі кестесі мен күн тәртібі МЖМБС және санитарлық талаптарға сай дайындалды, әр жас ерекшелігіне қарай белсенділік пен демалыс уақыты үйлесімді бөлінгенін айтты. Күн тәртібі балалар денсаулығына зиян келтірмейтінін және тамақтану, ұйқы, серуен уақыттары дұрыс жоспарлан отыр деді.

Қаулы етті: Топтардың оқу-әрекет кестесі, күн тәртібі және мерекелік іс-шаралар жоспары бекітілсін.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Кәсіподақ ұйымының жоспарын бекіту.

СӨЙЛЕДІ: А.Е.Каюпова -әдіскер. Кәсіподақ ұйымының төрайымы менмін. 2025–2026 оқу жылына арналған жоспарым дайын. Жоспарға қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, ұжымдық демалыс және құқықтық түсіндіру жұмыстары енді деді.

Қаулы етті: Кәсіподақ ұйымының жоспары қабылдансын.

VII ТЫҢДАЛДЫ: «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру тетіктерін талқылау.

СӨЙЛЕДІ: А.Е.Каюпова -әдіскер. «Адал азамат» бағдарламасының мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балаларға адалдық, әділеттілік, жауапкершілік, шыншылдық сияқты адамгершілік қасиеттерді ерте жастан дарыту екенін баяндады. Слайд бойынша түсіндірді.

Бағдарлама аясында келесі іс-шаралар ұсынылды:

- Мақал-мәтел, ертегі, жағдаяттар арқылы тәрбие сағаттары
- «Адалдық бұрышы», «Адалдық қорапшасы» ұйымдастыру
- Педагогтарға арналған семинарлар мен тренингтер
- Ата-аналармен жұмыс: түсіндірме жұмыстары, сауалнамалар өткізуге болады деді.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар бірауыздан бекітілсін.
3. Барлық педагогтер әдістемелік нұсқау хат талаптарын жұмыс барысында басшылыққа алсын.
4. Аттестация талаптарына сәйкес педагогтер жеке дайындық жоспарын әзірлесін.
5. Топтардың оқу-әрекет кестесі, күн тәртібі және мерекелік іс-шаралар жоспары бекітілсін.
6. Кәсіподақ ұйымының жоспары қабылдансын.

7. «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әр топқа іс-шаралар жоспары енгізілсін.

Педкеңес төрайымы:

Педкеңес хатшысы:










З.Б.Нугманова

А.А.Сартаева

№2 педагогикалық кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «Адалдық пен әділдік – мектепке дейінгі тәрбиенің басты құндылығы».

Күні: 21 қараша 2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Меңгеруші	
2.	Каюпова Аксана Ермахановна	Әдіскер	
3.	Макарова Сара Сагитжановна	Тәрбиеші	
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
7.	Конысбаева Кулай Алмуратовна	Музыка жеткішісі	

Педагогикалық кеңес №2

Уақыты	21 қараша, 2025 жыл
Тақырыбы	«Адалдық пен әділдік – мектепке дейінгі тәрбиенің басты құндылығы».
Өтілу түрі	Аналитикалық жоспарлау.
Күн тәртібі	<ol style="list-style-type: none"> 1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Менгеруші – Нугманова З.Б.) 2. «Балалардың бойына адалдық қасиеттерін сіңіруге арналған жаңа ойындар мен әдістемелік құралдар». (Өдіскер-Қаюпова А.Е.) 3. «Адалдық бұрышы» жұмысының тиімділігін талқылау. (Тәрбиеші- Досаналина К.Е.) 4. «Тәрбиешілердің әс-тәжірибиесін ортаға салу. «Адалдық – адамдықтың айнасы». (Тәрбиеші – Макарова С.С.) 5. Ағымдағы мәселелер.
Тапсырма	Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

№2 хаттама
педагогикалық кеңес

21 қараша, 2025 жыл

Педкеңес төрағасы: Меңгеруші- Нугманова З.Б.

Педкеңес хатшысы: педагог-психолог –Сартаева А.А.

Тақырыбы: «Адалдық пен әділдік – мектепке дейінгі тәрбиенің басты құндылығы».

Мақсаты: «Адал азамат» бағдарламасын іске асыра отырып, балалардың ойына адалдық, сенімділік, әділдік қасиеттерін қалыптастыруға арналған әдістемелік жұмысты жетілдіру.

Жүргізілу түрі: Шығармашылық шеберхана

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Меңгеруші – Нугманова З.Б.)
2. «Балалардың бойына адалдық қасиеттерін сіңіруге арналған жаңа ойындар мен әдістемелік құралдар.» (Әдіскер-Каюпова А.Е.)
3. «Адалдық бұрышы» жұмысының тиімділігін талқылау. (Тәрбиеші – Досаналина К.Е.)
4. Тәрбиешілердің іс-тәжірибесін ортаға салу. «Адалдық – адамдықтың айнасы» (Тәрбиеші - Макарова С.С.)
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші – Нугманова З.Б. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп айта аламын, өздеріңізге белгілі «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іс-шаралар жоспарына сай барлық іс –шаралар атқарылып отыр. Топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарлары, апталық циклограммалары әр аптаның бесінші күні бекітіліп отыр деді.

Қаулы етті: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Балалардың бойына адалдық қасиеттерін сіңіруге арналған жаңа ойындар мен әдістемелік құралдар.»

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер – Каюпова А.Е. Қазіргі қоғамда адалдық – тұлғаның ең маңызды адамгершілік қасиеттерінің бірі. Адал бала – өзіне және өзгеге сенімді, жауапкершілігі жоғары, әділ шешім қабылдай алатын тұлға болып қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі жаста балалардың бойына адалдық, шыншылдық, әділдік сияқты құндылықтарды сіңіру – тәрбие жұмысының басты бағыттарының бірі. Түрлі құралдар балалардың қызығушылығын арттырып, тәрбие үдерісін жүйелі етеді. Балалардың бойына

Осы ұйымдастырылған іс-әрекетімнен күтілген нәтижеге жеттім деп ойлаймын. Балалар адалдық пен шыншылдықтың мәнін түсінді. Жағымды мінез-құлық қалыптастырды. Алдағы уақытта өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайды деп ойлаймын деді.

Қаулы етті: Балабақшада қандай процесс кезі болмасын «Адал азамат» бағдарламасы тасада тыс қалмау керек, және тек ҮІӨ кезі емес, басқа процессте іске асырып, іс-тәжірибесімен бөлісу жоспарлансын.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Педагог-психолог – Сартаева А.А. Алдағы уақытта 1 баланы облыстық ПМПК –ға жіберу жоспарлануда.

СӨЙЛЕДІ: Музыка жетекшісі –Қонысбаева К.А. Барлық ата-аналарға тәуелсіздік мерекесіне арналған жоспарды айтып, киімдерін дайындауды ескерттім деді.

Қаулы етті: Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
Мерзімі: тұрақты
Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.
2. Балалардың бойына адалдық қасиеттерін сіңіруге арналған жаңа ойындар мен әдістемелік құралдар тиімді қолданылсын.
Жауаптылар: әдіскер, барлық педагогтар.
3. «Адалдық бұрышына» қойылатын, ілінетін материалдар әрдайым өзгертіліп, жаңартылып отырсын.
Мерзімі: жыл бойы
Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.
4. Балабақшада қандай процесс кезі болмасын «Адал азамат» бағдарламасы тасада тыс қалмау керек, және тек ҮІӨ кезі емес, басқа процессте іске асырып, іс-тәжірибесімен бөлісу жоспарлансын.
Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.
5. Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.

Педкеңес төрайымы:  Нугманова З.Б.

Педкеңес хатшысы:  Сартаева А.А.



№3 әдістемелік кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: Қазақ тілін оқыту саясаты – оқыту процесінде.

Жүргізілу түрі: Презентация

Күні: 16.01.2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Меңгеруші	
2.	Каюпова Аксана Ермахановна	Әдіскер	
3.	Макарова Сара Сагитжановна	Тәрбиеші	
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
7.	Коньсбаева Кулай Алмуратовна	Музыка жеткшісі	

Педагогикалық кеңес №3

Уақыты	05 ақпан, 2026 жыл
Тақырыбы	«Бракераждық комиссия жұмысының қорытындысы».
Өтілу түрі	Дөңгелек үстел
Күн тәртібі	1. Бракераждық комиссия жұмысының жүргізілуі. (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 2. Бракераждық комиссия мүшелерінің атқарған жұмыс қорытындысы. (Мед.бике Қажығали П.С.) 3. Ағымдағы мәселелер.
Тапсырма	Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

**№3 хаттама кезектен тыс
педагогикалық кеңес**

05 ақпан, 2026 жыл

Педкеңес төрағасы: Менгеруші- Нугманова З.Б.

Педкеңес хатшысы: педагог-психолог –Сартаева А.А.

Тақырыбы: «Бракераждық комиссия жұмысының қорытындысы».

Мақсаты: Білім беру ұйымында тамақтану стандарттарына және санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. Бракераждық комиссия жұмысының жүргізілуі. (Менгеруші – Нугманова З.Б.)
2. Бракераждық комиссия мүшелерінің атқарған жұмыс қорытындысы. (Медбике Қажығали А.С.)

I ТЫҢДАЛДЫ: Бракераждық комиссия жұмысының жүргізілуі.

СӨЙЛЕДІ: Менгеруші – Нугманова З.Б. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ – 302/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарындағы тамақтану стандарттарына және санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Балабақшамызда тамақтану сапасын қатаң бақылау мақсатында бракераждық комиссия жұмыс істейді. Бракераждық комиссия мүшелеріне қамқорлық кеңес төрайымы Жумагалеева Гүлмира, «Балапан» тобының ата-аналар комитеті Қабденова Акмарал қосымша шақырылды. Балаларға берілетін дайын өнімдер стандартқа сәйкес келеді.

Қаулы: Бракераждық комиссия мүшелерінің жұмысы жүргізілсін.
Балалардың қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз етілсін.

II ТЫҢДАЛДЫ: Бракераждық комиссия мүшелерінің атқарған жұмыс қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: Медбике – Қажығали А.С. Дайын өнімді өндіру процесінің барлық кезеңдеріндегі талаптарға сәйкес. Ас мәзірін дайындау кезінде «Мектепке дейінгі ұйымдармен балалар үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптары» қатаң сақталды. Ас мәзірі алдын-ала дайындалады, тағамдар ас мәзірі бойынша дайындалған. Қамқорлық кеңес төрайымы Жумагалеева Гүлмира, «Балапан» тобының ата-аналар комитеті Қабденова Акмарал балаларға берілетін тағамдардың сапасын тексеріп,

№4 Педагогикалық кенекпе педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – адал ұрпақ тәрбиесінің негізі».

Күні: 19 ақпан, 2026 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Менгеруші	<i>Нугманова</i>
2.	Каюпова Аксана Ермахановна	Әдіскер	<i>Каюпова</i>
3.	Макарова Сара Сагитжановна	Тәрбиеші	<i>Макарова</i>
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	<i>Досаналина</i>
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	<i>Юсупова</i>
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	<i>Сартаева</i>
7.	Коньсбаева Құдай Алмуратовна	Музыка жеткішісі	<i>Коньсбаева</i>

Педагогикалық кеңес №4

Уақыты	19 ақпан, 2026 жыл
Тақырыбы	«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – адал ұрпақ тәрбиесінің негізі».
Өтілу түрі	Пікірталас
Күн тәртібі	<ol style="list-style-type: none"> 1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 2. «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары: тренинг, жобалар, буклет, әңгімелер». Бракераждық комиссия мүшелерінің атқарған жұмыс қорытындысы (Әдіскер -Қаюпова А.Е) 3. Адал ұрпақ-болашақ кепілі» тақырыбында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», жоспарының ұйымдастырылуы бойынша ақпарат (тәрбиеші-Макарова С.С. және Муз.жетекшісі Қонысбаева К.А.) 4. Ағымдағы мәселелер.
Тапсырма	Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

№4 хаттама
педагогикалық кеңес

19 ақпан, 2026 жыл

Педкеңес төрағасы: Меңгеруші- Нугманова З.Б.

Педкеңес хатшысы: педагог-психолог –Сартаева А.А.

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – адал ұрпақ тәрбиесінің негізі».

Мақсаты: Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту арқылы «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастыру.

Жүргізілу түрі: Пікірталас

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Меңгеруші – Нугманова З.Б.)
2. «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары: тренинг, жобалар, буклет, әңгімелер». (Әдіскер Каюпова А.Е.)
3. «Адал ұрпақ – болашақ кепілі» тақырыбында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» жоспарының ұйымдастырылуы бойынша ақпарат. (Тәрбиеші Макарова С.С., Ән жетешісі – Конысбаева К.А.)
4. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші – Нугманова З.Б. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп айта аламын, өздеріңізге белгілі «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сай, «Адал Азамат» бағдарламасының іс-шаралары жоспарға сай, барлық іс –шаралар атқарылып отыр. Балалардың бойына адалдық қасиеттерін сіңіруге арналған жаңа ойындар мен әдістемелік құралдар тиімді қолданылып отыр. «Адалдық бұрышына» қойылатын, ілінетін материалдар әрдайым өзгертіліп, жанартылып отыр деді.

Қаулы етті: №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары: тренинг, жобалар, буклет, әңгімелер».

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер – Каюпова А.Е. Қазіргі білім беру кеңістігінде ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс жүргізу – бала тәрбиесінің табысты болуының негізгі шарттарының бірі. Балабақша мен отбасының өзара байланысы неғұрлым тығыз болса, баланың тұлғалық дамуы мен тәрбиесі соғұрлым нәтижелі болады. Осы мақсатта ата-анамен түрлі жұмыс формалары ұйымдастырылады. Солардың ішінде ең тиімділері – тренингтер, жобалар, буклеттер және әңгімелер. Тренинг – ата-аналардың педагогикалық, психологиялық білімін арттыруға бағытталған белсенді жұмыс түрі. Тренинг

барысында ата-аналар өзара тәжірибе алмасып, бала тәрбиесінде кездесетін мәселелерді бірге талқылайды.

Жоба әдісі – ата-аналарды білім беру үдерісіне тікелей тартудың тиімді жолы. Жобалар ата-ана, бала және мұғалімнің бірлескен әрекетін талап етеді. Буклет – ата-аналарға арналған қысқаша ақпараттық құрал. Онда бала тәрбиесіне қатысты кеңестер, ұсыныстар, ережелер қамтылады.

Жеке және топтық әңгімелер – ата-анамен жұмыстың ең дәстүрлі әрі тиімді формасы. Әңгіме барысында баланың оқу үлгерімі, тәртібі, мінез-құлқы талқыланады деді.

Қаулы: Ата-аналармен аталған тәсілдерді қолдана отырып, қарым-қатынасты дамыту.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Адал ұрпақ – болашақ кепілі» тақырыбында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» жоспарының ұйымдастырылуы бойынша ақпарат.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші – Макарова С.С. Жылдық жоспарға сәйкес «Әжелер мектебінің» іс-шаралар жоспары бекітілді. Топ тәрбиешілері мен әдіскер бірлесіп іс-шараларды ұйымдастырды.

Әжелермен дөңгелек үстел, семинар, дәм тарттыру, шеберлік сағаты, көрме, ойын түрінде жұмыстар жүргізілді. Жылпы қыркүйек айы мен қаңтар айының аралығында 9 жұмыс жүргізілді. Жүргізілген жұмыс бойынша балалармен де жұмыстар жүргізілді деді.

СӨЙЛЕДІ: Ән жетекшісі – Қонысбаева К.А. Жылдық жоспарға сәйкес «Аналар мектебі» құрылып, жұмыс жоспары бекітілді. «Аналар мектебі» жоспары педагог-психолог пен ән жетекшісіне жүктелді. Әдіскермен бірлесіп іс-шараларды ұйымдастырды. Аналармен дөңгелек үстел, семинар, шеберлік сағаты, эстафета жүргізілді. Жалпы «Аналар мектебі» жоспары бойынша уақытылы жұмыстар жүргізілуде.

Қаулы: «Аналар мектебі» мен «Әжелер мектебінің» жұмысы жүйелі, жоспарға сәйкес ұйымдастырылуы жалғасын тапсын.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Музыка жетекшісі – Қонысбаева К.А. Барлық ата-аналарға алғыс айту мерекесі мен 8-наурыз мерекесіне арналған жоспарды айтып, киімдерін дайындауды ескерттім деді.

Қаулы: Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
Мерзімі: тұрақты
Жауаптылар: менгеруші, әдіскер.
2. Ата-аналармен аталған тәсілдерді қолдана отырып, қарым-қатынасты дамыту.

Жауаптылар: әдіскер, барлық педагогтар.
3. «Аналар мектебі» мен «Әжелер мектебінің» жұмысы жүйелі, жоспарға сәйкес ұйымдастырылуы жалғасын тапсын.
Мерзімі: жыл бойы
Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.
4. Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.

Педкеңес төрайымы:

Педкеңес хатшысы:



Нугманова З.Б.

Сартаева А.А.

Өткізілген уақыты: 2026 жыл, 01 сәуір

Қатысқандар: 7 педагог, есепші, медбике.

Күн тәртібі:

1. «Ақтөбе облысы білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК -нында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды: «Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы. Білім беру процессіне қатысушылардың және тағы да басқалардың сауалнамасы.

СӨЙЛЕДІ: МКҚК “Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі –

З.Б. Нугманова. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында 2026 жылдың 02 сәуірі мен 28-сәуірі аралығында мемлекеттік өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу ұсынылды.

Өзін-өзі бағалау 2026 жылдың 02 сәуірінен 28 сәуіріне дейін тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүргізілуі тиіс.

Ұжымды Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бұйрығымен және 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бұйрығымен таныстырды.

Өзін-өзі бағалау үшін комиссия құру қажет, оның мүшелері келесі бағыттар бойынша материалдарды дайындайды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

Құжаттар: өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» негізделіп құрылған және бекітілген болу керек. Ұйымдастырылған оқу іс - шараларының кестесі жасалып, бекітілген болу керек.

Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

- ✓ оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- ✓ қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;
- ✓ тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- ✓ мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- ✓ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- ✓ тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;
- ✓ креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- ✓ "Адал Азамат" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт- дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша

***Құжаттар:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған);*

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің бейнесабақтары салынады.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

Құжаттар:жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі;

- табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер, тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдардың бар болуы;

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

- Құжаттар:бағаланатын кезеңдер бойынша кесте жасап, пайызбен шығару, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі;

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

Құжаттар:Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен көрсетілген кезеңде жүргізілген жұмыстар, балаларға арналған

жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

6) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

Құжаттар:Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған болуы керек, мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі;

7) "Денсаулық", "Коммуникативтік", "Танымдық және зияткерлік", "Шығармашылық", "Әлеуметтік - эмоционалды" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру

Құжаттар: сабақ кестелері,циклограмма құрылған болу керек, бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі;

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы

Құжаттар:балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылады, бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі.

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

11) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Құжаттар:жұмыстық оқу жоспарлары, сабақ кестесі, циклограмма құрылған болу керек,бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері салыну керек.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Құжаттар:апталық оқу жүктемесінің көшірмелері салынады, сабақ кестесі бекітілген оқу жоспарларына сәйкес құрастырылғанболуы керек.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

Құжаттар:Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі.

4.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша, жастаптары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылармен құзыреттіліктердің көлемін игеру

Құжаттар:әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдары салынады.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау

Құжаттар:Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игеру

кестесі, өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

Құжаттар: білім беру ұйымына 1 жастан 5 жасқа дейін қабылдану керек, өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі;

2) тәрбиеленушіні мектепалды даярлық тобына қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Құжаттар: балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы, бұйрықтары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталу керек.

Комиссия құрамына кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды. Дауыс беру барысында бірауыздан шешім қабылданды:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жоһіндегі мынадай құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы: МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі
З.Б. Нугманова.

Комиссия мүшелері:

Әдіскер А.Е. Каюпова

Педагог-психолог А.А. Сартаева

Музыка жетекшісі К.А. Конысбаева

Медбике А.А. Қажығали

2. Комиссия хатшысы болып А.А. Сартаева сайлансын.

3. Комиссия мүшелері 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылының білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есеп дайындалсын:

Нугманова З.Б. – білім беру ұйымының негізгі мақсаты мен нормативтік құжаттарының сәйкес жүргізілуі. Талапқа сай топтардың ұйымдастырылу ерекшеліктерінің ескерілуі. Оқу – тәрбие процесі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылуы.

Каюпова А.Е. – МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру;

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы;- жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды

әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау;

Сартаева А.А. - білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру мақсатында оқу-материалдық базасын бағалау.

Негізгі оқу-материалдық активтер:

- Оқу – әдістемелік құралдар;
- Дидактикалық материалдар;
- Көрнекі құралдар;
- Ойыншықтар мен дамытушы ойындар;
- Мультимедиалық құралдар.

Кітапхана қоры:

- Балаларға арналған көркем әдебиеттер;
- Ертегілер мен әдебиеттер жинағы;
- Танымдық кітаптар;
- Әдістемелік әдебиеттер.

Оқу – материалдық активтер мен кітапхана қоры оқу процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Материалдық – техникалық база , негізгі құралдарды сатып алу.

Коньсбаева К.А.- Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектепалды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар;

-Оқу мерзіміне қойылатын талаптар;

баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы;

«Денсаулық», «Коммуникативтік», «Шығармашылық», «Әлеуметтік - эмоционалды», «Танымдық және зияткерлік» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру;

- тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы.

Қажығали А.С. – тәрбиеленушілердің медициналық карталары, егу журналы, күнделікті фильтр, дезинфекция және санитарлық өңдеу журналы.

Барлық медбике жұмыстарының талапқа сай тексеру. Санитарлық талаптардың орындалуын бақылау.

Шаруашылық құжаттарды талдау. Тазалық және санитарлық жағдай актілері.
Дайын тағамның сапалығын тексеру журналы. Шаруашылық жұмысының
жүйелі жүргізілуін бақылау.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі құрамда комиссия құрылсын және бекітілсін.
2. Комиссия мүшелері 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептер дайындасын.
3. Комиссия құрамы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебін 2026 жылғы 29 сәуірде қорытындыласын.
4. 2026 жылғы 29 сәуірде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

Комиссия төрағасы:

Хатшы:



З.Б.Нугманова

А.А.Сартаева

№6 жоспардан тыс педагогикалық кенестің хаттамасы

Өткізілген уақыты: 2026 жыл, 29 сәуір

Қатысқандар: 7 педагог, медбике

Күн тәртібі:

1. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы МКҚК - ның өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия мүшелері өз сөздерінде мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын жүргізу кезінде зерттеудің бағыттары мен объектілерін талдады.

Тыңдалды:

1. **А.Е.Каюнова** оқыту мен оқытуды тексеру қорытындылары, МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру, МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау туралы, ата-аналардың сауалнамасын талдау туралы мәселелеріне тоқталды деп айтты.

2. **А.А.Сартава** оқу материалдық активтер мен кітапхана қоры оқу – тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жалпы жағдайы жақсы. Алдағы уақытта тағы да әдебиеттік материалдармен толықтыру ұсынылды. Кітаптар балалардың жас ерекшелігіне сай келеді. Көркем әдебиеттер мен танымдық кітаптар кеңінен қолданылады.

Оқу – материалдық активтер жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген және талапқа сай қолданылады. Құралдар балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалған. Дамытушы орта балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Материалдық – техникалық база толық, қажетті заттар бар делі.

3. **Конысбаева К.А.:** баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы, "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру, тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы туралы мәлімет ұсынды. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар: І) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің

ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектепалды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар және оқу мерзіміне қойылатын талаптар туралы талқылады.

4. А.С.Қажығали тәрбиеленушілердің медициналық карталары, егу журналы, күнделікті фильтр, дезинфекция және санитарлық өңдеу журналы бар, уақытылы толтырылғын. Медбике барлық жұмыстарының талапқа сай орындауда. Санитарлық талаптардың орындалуына бақылау жүргізіліп жатыр.

Шаруашылық құжаттарға талдау жүргізілді. Тазалық және санитарлық жағдай актілері толық, уақытымен орындалынған. Дайын тағамның сапалығын тексеру журналы бар. Шаруашылық жұмысы жүйелі жүргізіліп отыр.

Педагогикалық кеңес шешімі:

- 1.«Денсаулық», «Коммуникативтік», «Шығармашылық», «Әлеуметтік - эмоционалды», «Танымдық және зияткерлік» дағдылары интеграция принциптерін есепке ала отыра, үлгілік оқу бағдарламасы гендерлік үйлесім және психолг-педагогикалық, эстетикалық, санитарлық – гигиеналық талаптарға сай топтағы пәндік - кеңістік дамытушы орта қауіпсіз, ережеге сай құрылған. Балабақша материалдық – техникалық базасын жетілдіруді жалғастыру.
2. Тәрбиеленушілердің дағдыларының қалыптасуы деңгейі МЖМБС дағдыларына сәйкес.
3. Штаттық кестеге сәйкес балабақша педагогикалық кадрлармен 100% жинақталған.
4. Балабақшаның оқу –тәрбие процесінің ұйымдастырылуы МЖМБС сәйкес.
- 5.Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдары бекітілсін.
6. «Ақтөбе облысы Білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ы өзін-өзі бағалауы «zhaqsy» болып бағалансын.
- 8.2026 жылғы 30 сәуіріне дейін МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының сайтында өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды орналастырылсын.

Жауапты: «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының әдіскері –Қаюпова А.Е.

Бақылау: «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі –З.Б.Нугманова

Комиссия төрағасы:

Хатшы:



З.Б.Нугманова

А.А.Сартаева